



# ШОРТАНБАЙ ЖЫРАУ: ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ

**Кәмел ЖҮШТЕГІ,  
жазушы.«Құрмет» орденінің иегері.**

емес, татар, башқұр, өзбек, түрікпен, каракалпак, қырғыз, ноғай, карашай тектес түркі халықтарына да тегіс тарады. Оның халқым деп тебіренген жүрегі елінің еңсесі биік болғанын, азаматтарының ата-дәстүр мен атадінінен аумауын тілеген еді. Сол себептен де оның жырлары сонау Петерборда көзі тірісінде жарық көрсе, өзі дүниеден еткеннен кейін Татарстан астанасы Қазан қаласынан 1883, 1888, 1890, 1897, 1901, 1906 жылдары жеті рет жарық көрді. Түркі тектес халықтардың қолданқолға кешіріп алып таратқан қолжазбалары әлденеше мыңға жететін еді.

Әрине, мұндай ұлтана деген жанашырлық кейбіреулер ойлағандай руына, тегіне байланысты емес. Әл-Фарабидің, Едіге батырдың, Махамбеттің, Абылайдың, Шортанбай жыраудың, М.Сералиннің, тағы басқаларының қазақ тарихына қосқан үлесі руының, тегінің кім болғандығында емес, олардың қазақ жерінде дүние есігін ашып, ұлт болашағы үшін күрескендігінде жатыр.

Отаршылдықтың ауыр езгісіне түскен халқының аянышты халі, өз жерінен айрылып босқынға айнала бастаған жағдай, жекелеген отбасылардың алдан үміт күтпес тіршілігі Шортанбай жырларына еніп, сонан құтылудың жолын іздеген ұлттық идеяға айналды. Оның осы ойға толы жырлары ұлтының санасына сіңіп, жүрегін биледі. Заман танымастай өзгерді. Сүттей ұйыған қазақы қалып бұзылды. Рулық көшпелі кооператив болып өмір кешкен тірліктің орыс билігі қасқана талқанын шығара бастады. Бір отбасының ішіндегі бірлік те бұзылып, көне жолдағы тәрбие де бүлінгенін Шортанбай жырау былай суреттеген.

Мұның өзі қар заман,  
Қарлығының белгісі:  
Ұл сыйламас атасын.  
Арам сідік болған соң  
Ағасы бермес баласын.  
Сыйламағын ағасын,  
Алысып жыртар жағасын.  
Қыз сыйламас анасын...

Ақсақалдан ұялмас,  
«Қой» деп айтса тіл алмас,  
Жүгірісер қалаға,  
Қалтасы толып жалаға,  
Қандырып иін кәпірдің,  
Алып бір шығар далаға.  
Дұшпанын кім деп сұраса,  
Алып келер ауылына,  
Өзінің туған бауырына,  
Өзінің туған бауырына, - деген Шортанбай жырау орыс билігі туғызып отырған мынадай кесепат халден жұртты түңілдіріп, өз халін өзі түзейтін, өз қотырын өзі ғана қасиетін қазақы билікті сақтап қалуға, әділ билерге ғана жүгініп, орыстың зымын асыатын жүргізбеуге үндейді.

Шортанбай жыраудың елдің ендігі беталысы туралы ойлары, ұсыныстары оның өлеңдерінің, пайымының астарында жатыр. Оның мақсаты отаршыл орыс билігі жанталаса қиратуға кіріскен қазақы дүниетанымды сақтау. Қазақы дүниетанымды сақтау - қазақы халық ретінде сақтап, өзінің ерекше жолымен келер заманға бейімделуде жатыр. Шортанбай жырлары ауыздан-ауызға тарап, қазақ баласының санасын биледі. Қазақ баласының жүрегін Шортанбай жырау сөздерінің ерекше билегенін Алаштың ардақты азаматы, репрессияның құрбаны болған Қошке Кемегерұлы өзінің кітабының «қарсы қозғалыстар» деген бөлімінде Кенесары сарбаздарының арасында кеңінен тараған, ұранға айналған Шортанбай жыраудың мына өлеңін жазады. Бағынбағын, қазақ, орысқа!  
Бағынсақ, қазақ орысқа,  
Осы бастан амандас,  
Сарыарқа деген қонысқа.  
Береке кетер асыңнан,  
Билік кетер басыңнан.  
Некеннен некен күйерсің,  
Күйдіруші табылып,  
Көршілес жақын-қасыннан  
Қызығып тұрсың байқамай,  
Күйінгеннен айтам-ай!  
Көрінісі орыстың -  
Текеметтің түріндей.  
Ойлағаны жамандық.  
Жарадан аққан іріндей.  
Абақты деген үйі бар,  
Қазулы кара көріндей.

шылдардың енді қазақ баласын биліктің, орыстың жазған заң-заңымен өмір сүруге мәжбүрлеп отырғанын әлем жұртына айғайтайды. Ұлы жырау «Заманың кетті баяғы» деген жырында:

Жандарал болды ұлығың,  
Майырды көрдің жездендей,  
Кәпірді көрдің піріндей,  
Тілмашты көрдің жеңгендей,  
Дуанды көрдің үйіндей,  
Абақты тұр қолында,  
Қазылған кара көріндей, - деп орыс билігінің аярда зымыян бетін ашып, оған бағынбауға, мойынсынбауға, әр қазақ азаматын осы көріністен жирене білуге шақырады.

Оның бұл шақыру жолы - күрес жолы, азаттыққа ұмтылу жолы, қазақы ұлт ретінде сақтау жолы. Қазақ туған даласының табиғатымен бірге өсіп-өнген халық. Тамылжыған жаздың майсараған қызығына ғана емес, иен даланың ат құлағы көрінбес боранына да сүйсіне білген халық. Сол далаға деген сүйіспеншілігі де ерен күш, қуат берген. Онда оның балаларының мүрдесі жатыр. Ұлы Даладан қымбат қазақ үшін ештеңе жоқ. Сол сүйіспеншілік Шортанбай жырында былай кестеленген екен: Арканың жазы бейішті,

Жылқының еті жемісті, - десе, енді сол далаға қазақ қана ие болу керек екенін былайша жеткізеді. Ұзын аққан Сарысуды, Өзің жайлап, жағала.  
Жүйрік пенен жорғаңды,  
Өзің мініп бағала, - деп үгітесе, онан әрі орыстың құлдығына түсіп, қазыналы жерінен айырылған жағдайды Еділді алды, елді алды,  
Енді алмаған нен қалды?  
Қораны санап малды алды,  
Қазаққа қамқор

ханды алды.

Кетейін десең алдың тар,  
Кетпейің десең кәпір бар, - деп күйінеді.

Елінің осындай жағдайға түскеніне жырау көнбейді, қарсы әрекет етуге үндейді. Міне осы үндеу - халықтың санасына енген сөз, идеялық бағыт алып, XIX ғасырда халықты езуші отаршылдарға қарсы тік көтер-

болыстықты енгізіп, болыстың майлы жілігін ортаға тастап, қазақты өзара қырқыстырып қойды. Қазақ жерін тартып алу қоса жүріп жатты. Өзен-көлдердің маңын мұжықтар алды. Олар сол су көздерінен малын суаруға қазаққа рұқсат бермеді, аңша қуыш, атты. Осыны пайдаланған орыс билігі шоқынған қазаққа ғана мүмкіндік туғызып, қалғаны қанғып, қырыла берсін дегенге тоқтады. Ғайбаттың жаман екенін Біле тұра айта-сың, Намаз қаза боларын, Біле тұра жатасың, Алланың берген ақ дәмін, Аузыңа алмай әуелі Арамды неге татасың? - деп Шортанбай жасы мен жаман айқасқан, қазақ баласын тобығынан қағу үдеген заманда табан тірер жерін, арқа сүйер тіреушің, үміт қазығың мұсылман діні екеніне елдің көзін жеткізе түседі. Шортанбай тегі, тәлімі жақсыдан қыз алып, ата-бабаның ізгілікті қасиетін сақтап, өркендететін ұрпағын ойлаған адамның арманы осылай болса керек екенін жырлаған. Европаның улы дерттей жұкқыш салтынан сақтандырған. Аударылған дүния, Ұлын киді дүрия,  
Ұстараның жүзіндей, Қызың кидің биқасап, Байқап кимей байқастап, - десе онан әрі батыстың бұзылған салтын тілге тиек етіп, келер заманды айтқандай болжайды.

Зәкен айтып қатын тұр,  
Қойнында жатқан ерине,  
Зарланып тұрған әйел бар,  
«Қосылғам жоқ» деп теңіме...  
Кел жігіттер, түспелік,  
Жанған отқа көріне.

Шортанбай жыраудың кешегі өткен «құдайсыздар» қоғамын құрған заманның отбасыларының сипатына келетін мына өлеңі әулиеліктің көрінісі демеске шара жоқ.

Билер пара жемендер,  
Жалғанды жолдас демендер,  
Кісі ақысын алмандар,  
Аузына харам салмандар, - деп ұлы жырау болыс-билікке орыстың таңдауымен жеткен ендігі ел жақсыларын елді аздырар жолдан аулақтатып, ғасырлар бойы келе жатқан қазақтың көне арнасын еске салады.

Шортанбай жырау түркі дүниенің рухани ояуына игі әсерін тигізген өзінің замандасы Шаһабутдин Маржани (1818- 1889) ғұламаның ой-пікірінен әсер алды десек, артық кетпейміз. Ш.Маржанидің замандасы, әрі шәкірті Камараддин Хазірет Семей медресесінің ұстазы болған. Ка-

ауданы жеріндегі «Шортанбай бұлағы» Ақсарлы болыстығындағы «Шортанбай» атаулы жер, Атбасар жақтағы «Шортабай өзені, Омбы түбіндегі «Шортанбай ауылы», Атырау жақтағы «Шортанбай» атты жер атаулары соның айғағы. Әрине, мұндай жер атауларын бүкіл қазақ жерінен табуға болар еді, Советтік шовинистік саясат ұлы жыраудың есімін атауға тыйым салған, қорқыныш, үрей билеген заман талай дүниені ұмыттырды.

Бар ғұмырын туған халқының өзіндік қайталанбас болмыс-бітімін сақтауға арнап, елінің жоғын жоқтағаны үшін көзінің тірісінде орыс үкіметін жақтағандар оған қырсықты қабақ танытса, өлгеннен кейін де, кешегі совет заманында есімі қуғынға ұшырап, кітаптарын белсенділер өртеп, бірер шумақ жырын жатқа айтқан талай азамат Сібірге айдалды.

Шортекеңнің қай өлеңін алып қарасаң да қозғайтын мәселесі елдің жайы, езгіге ұшыраған ұлтының көкейкесті арманын көресің. Жүздеген жылдар бойы халқымыздың жинаған рухани қазынысының аяқ асты болғанына ашынып, сол қазынадан шеттетілген қазақтың бейшара күйге еніп, өткен тарихы, мәдениетінен жүрдай етіп, даланы мақсатсыз кезіп, қаңғып жүрген тобыр дәрежесіне түсірген отаршыл орысқа қарсы үндейді. Ашынған жырау мына дәрменсіз халден елін құтқарудың жолын іздейді.

Қазақтың еуропаша білім алған ұлдары қалыптасып болмаған сонау бір қиын кезеңде ұлт құрып кетпес үшін Шортанбай жырау өзінше жол іздеп жанталасты. Орыс билігі қазақты ұлт ретінде құртудың бір жолы деп, шоқындыру мәселесін жаппай қолға алған тұста қазақ баласының ғасырлар бойы қанына сіңген ислам дінінің негізін жырларына қосу да соның бір көрінісі. Атамекен жерінен айырыла бастаған қазақты қарсы күреске шақырып, «жалаңаш мін де, жауға шап деп үндеуі де езгіден құтылудың бір жолы деп қарастырғаны даусыз,

Оның жырлары жалғыз қазақ

Қазы, болыс қойыпты  
Некесіз туған шатасын

Шортекең заманның бұлай бұзылуын ел тағдырымен, ұлттың болашағымен, қазақтың халық ретінде құрып кету қаупімен байланыстыра қарайды. Осы пәленің бастауында қазақты халық ретінде құрып кетуін мақсат тұтқан орыс билігі, сақалды сары патшасының өзі тұрғанын халыққа түсіндіруден ұлы жырау жалықпайды.

Үліден кетті керемет,  
Патшадан кетті ғәділет,  
Ақыр заман таянды.

Ұлы жыраудың «Ақыр заманы» - Алладан келер қиямет-қайым емес, ол орыс билігінен келетін сұрқия саясат, қазақты ұлт ретінде жою саясаты. Билік қазақы қоғамды іштей іріте бастады.

Әуелгі қорлар зор болды,  
Сондай зорлар қор болды...  
Жөн білмеген жамандар,  
Ел билеген бек болды, - деп сұрқия саясатты әшкерелесе онан әрі:  
Мініп көрер күші жоқ,  
Сауып ішер сүгі жоқ,  
Ақша деген мал шықты,  
Жарлы кедей, жоқ-жітік  
Жеткізе алмай жан шықты, - деп халықтың басына түскен ауыр да, аянышты халді суреттейді. Жырау бұған зар қағып қана қоймайды

Таңда махшар күн туса  
Таразыны аударар, - дейді. Шортанбай жырау айтып отырған Таразыны (әділдік келер) аударар, таңда Махшар күні де қиямет-қайым күні емес, жер бегіндегі отаршыл орыстың езгісінің жойылатын күнін мезгеп отыр. Сол күнге жету үшін де имандылық, беріктік керек екеніне халқын сендіріп, үгіттеп отыр.  
Арқадан дәурен кеткенсоң,  
Қуғындап орыс жеткен соң,  
Амал таппай қазағым,  
Түстің барып торына, - деп қиналған жырау осыдан құтылар «амалды» іздестіру керек екенін айта келіп, «орыстан қорлық көрген» игі жақсы билердің амал іздеп «алқынып» отырғанын да, орыстың қолы жетпеген «Бұхар» жағымен байланысу қажеттігін еске салады.

Қара қазан, сары бала,  
Обалына қаларсың.  
Кейінгі ұрпақ бұтақтың,  
Қарғысын нәлет аларсың,  
Ап кетейін бір жаққа,  
Соңымнан ерші ерінбей.  
Қазақ сарбаздарының арасына, қазақ халқының арасына жүрсе аузынан кетпейтін, жатса жүрегінде ған бұл ұранды сөз қазақтың XIX ғасырдың идеологиясы болған. Сол идеологиясының бастауында тұрған тұлға Шортанбай жырау.

Ұлттық даму, өрістеудің ежелгі заманнан жалғасып келе жатқан қазаққа ғана тән жолы күйреуге ұшырап жатқан тұста көне әдебиеті жоқ халықтың басқа, бөтен жұртқа сіңіп, жұтылып кете беретінін де, оқыған-тоқығаны бар Еуропа халқынан хабары бар Шортекең жақсы түсінген. Өз халқының көне жұрт екенін, ежелгі сөздің иесі екенін таныту үшін өз жырларында «Софы Алдияр» кітабын жиі атап, Қожа Ахмет Яссауи сөздерін еске алып отырады. Өз халқының басына осындай күн туып отырғанда ол «Жерұйық», «Жиделі Байсынды» іздеген. Асан қайғы, Бұқар жырау тәлімін ары қарай жалғайды.

Қазақты шырмап, торға түскен торғайдай халге жеткізген отаршылдарға жырмен қарсы тұрды.  
«Кетейін десе, алды бар,  
Тұрайын десе, көпір бар,  
Қайсы бірін айтайын,  
Қазақтың ұлы қамалды», - деп ашынған жырау.  
«Алдаушы жалған» жырында:  
Аяқты қия басу жоқ,  
Орыстың салған жолы бар  
Емін-еркін заман жоқ,  
Енді жүрген жігіттің  
Маңдайының соры бар, - деп ота-

ген рухани күшке айналған.  
Жаланапшы болып, жауға шап,  
Ажалдан бұрын өлер ме?  
Ноқталы басқа бір өлім,  
Өлемей де адам жүре ме?  
Қатын-бала қамы үшін,  
Қарсы шап та, мылтық күш!

Құр жабырқап жүдеме, - деп ұлы жырау қарсы әрекетке шақырса.



Жыр шашу

Марат ШӘЙКЕ,  
ақын.

## ӘЗ БАБАМ

О, зар заман, зар заман,  
Зарлап бір өзін қарғаған,  
Жақсыларды жалмаған,  
Аша тұяқ қалмаған,  
Алдымнан шығып айтқаның  
Сормандай басым сорлаған,  
Күніме кешкен қорланам.

Әз баба өзін болжаған,  
Қазылғандай ор маған,  
Құрылған талай тор маған.  
Желтоқсан желі соққанда,  
Аяқ асты боп ар маған.  
Өзімнен шықты оңбаған,  
Кезіме кешкен қорланам.

Шортеке, өзін зарлаған,  
Қасірет бұлты торлаған,  
Бөтеннің бәрін дос тұтқан,  
Аңғалдығыма арланам.  
Тисе де таяқ сан маған,  
Марғаулығым қалмаған  
Күйіме кешкен қорланам.

Ұрпақтың қамын ойлаған,  
Алысты болжап бойлаған,  
Кер заман кетіп келмесе,  
Тар заман болды бар заман.  
Тәуелсіз күнін тойлаған  
Масайрап жатыр маң далаң.  
О, әулием,  
Әз бабам!

дұшпанымен бірге күресу үшін түркі халықтарының бір болуына да үндейді.  
Дұғай сәлем айтайын,  
Ташкен менен Бұқарға.  
Мұсылманның баласы  
Қор болмасфін дұшпанға, - десе онан әрі түрік билігі Қондыгерге хат жазу, бірлесу қажеттігін де еске салады.  
Орыс патшалығы қазақты халық ретінде құртуды жоспарлы түрде, кезек кезеңімен жүргізді. Ұлттың басын біріктіретін күш, мемлекеттігінің белгісі хандықты бірінші кезекте жойса, екінші жолы өзін-өзі билеудің, бөтенге - дұшпанға мойынсұнбаудың көрінісі - билер билігін құрту үшін

мараддин хазіреттен Абай тәлім алып, араб, парсы, тілін меңгеріп, шығыстың ұлы жырауларының еңбектерімен танысуға жолы ашылған. Шортанбай жырау Семейге барған әр сапарында осы Камараддин хазіретпен жиі жолығып, біраз күндерін бірге өткізген.

XIX ғасырдың басында Петербор, Қазан, Уфа, Омбы, Ташкент қалаларында мыңдаған данамен кітабы шығып, ісі түркі жұртының рухани әлеміне әсер еткен «қанша уақыт өтсе де ұмтылмай... (теріс қараған күндерде де, С.Қирабаев)», «Шортанбай - ұлы дарын... қоғам қайраткері, ірі идеолог» (Т.Кәкішев) болып ғұмыр кешкен тұға.

Сөйтіп, Шортанбай жыры XIX ғасырда халық арасына ең көп тараған, елдің ойсанасын билеген, рухани күшке айналған.

Қызыл империя заманында қазақ баласын орыстық коммунистік идеологияға жығу үшін Шортанбай жырау арқылы ісі қазақтың қанына сіңген қазақы идеологияны құрту қажет болды. Коммунизмнің шапанын жамылған шовинистер сол себепті Шортанбай жыраудың әр сөзіне тыйым салды. Оның бір шумақ өлеңін еске алғаны үшін елді қатты жазалады.

Қазақ халқының басына құрып кету қасіреті теніп, жер-суын тартып алып, өзгенге малын суаруға келген қазақты аңша қуып, шыдамағаны шоқынсын, бағынбағаны қырылсын деген заманда отаршыл орыстың осы сұрқия ісіне өлең-жырларымен қарсы шыққан, айтқаны халқының өн-бойына сіңген, қандай заман туса да туған елінің санасында жатталған Шортанбай жырау XIX ғасырда қазақ намысын ту еткен ірі идеолог